

## Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық мөлшерлемені өсіру мақсатында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын бекіту туралы

Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы 25 сессиясының № 279 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 5 маусымда № 4806 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 505, 509 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық мөлшерлемені өсіру мөлшері және автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Саран қалалық мәслихатының 2011 жылғы 10 қарашадағы "Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық ставканы ұлғайту мақсатында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын бекіту туралы" № 646 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 8–7-127 болып тіркелген, 2011 жылғы 16 желтоқсандағы № 51 "Саран газеті" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Ш. Исенов

Ө. Баймағанбетов

Саран қалалық мәслихатының  
2018 жылғы 17 мамырдағы  
25 сессиясының № 279  
шешіміне қосымша

## Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін өсірілген базалық мөлшерлеме есепке алынған автотұрақтар (паркингтер) санаттары

|  |  |  |                                                                                                                |                   |                                                                     |
|--|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------------------------------------------|
|  |  |  | Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, Саран | Базалық ставканың | Өсіру мөлшерін есепке ала отырып (теңге), автотұрақтар (паркингтер) |
|--|--|--|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------|---------------------------------------------------------------------|

| № | Автотұрақтардың (паркингтің) типтері                                                                                                  | (Автотұрақтардың (паркингтің) санаты | қаласының жерлеріне бір шаршы метр үшін салынатын базалық салық мөлшерлемелері (теңге) | өсіру мөлшері | үшін бөлінген С а р а н қаласының жерлеріне базалық салық мөлшерлемесі |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------|---------------|------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Ашық типті, жабық типті жерүсті автотұрақтары                                                                                         | 1                                    | 8,2                                                                                    | 10            | 82                                                                     |
| 2 | Басқа мақсаттағы ғимараттарға қатар салынған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар              | 2                                    | 8,2                                                                                    | 9             | 73,8                                                                   |
| 3 | Жер астындағы, жер төселердегі, астыңғы қабаттағы немесе жер үстіндегі төменгі қабаттағы ғимараттардың астына орналасқан автотұрақтар | 3                                    | 8,2                                                                                    | 8             | 65,6                                                                   |